



БАСЫЛЫМ МАЗМҰНЫ №3

- [ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ](#)
- [KAZENERGY ӘЙЕЛДЕР ЭНЕРГЕТИКА КЛУБЫНЫҢ КӨШПЕЛІ ӨҢІРЛІК ОТЫРЫСЫ](#)
- [ЕҢБЕК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР](#)
- [2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ, МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫ](#)
- [«КАРАЧАГАНАК ПЕТРОЛЕУМ ОПЕРЕЙТИНГ Б.В.» КОМПАНИЯСЫНЫҢ МҰНАЙДЫ ЭКСПОРТТАУДЫҢ КЕДЕНДІК ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ](#)
- [ҚАЗАҚСТАН ИТАЛИЯЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫ МҰНАЙ-ГАЗ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ АРАСТЫРУЛАР БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ АРАСТЫРУЛАР ШАҚЫРАДЫ](#)
- [АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ](#)
- [ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫМЕН ӘСЕТ МАҒАУОВ МАРАТҰЛЫ ҚР ЭНЕРГЕТИКА ВИЦЕ-МИНИСТРІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ. БОЛАТ ОРАЛҰЛЫ АҚШОЛАҚОВ «KAZENERGY» ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ](#)
- [«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ БИЗНЕС-ОРТАНЫ ДАМУ ЖӘНЕ САУДА ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ](#)
- [«STUDENT ENERGY CHALLENGE» ЗИЯТКЕРЛІК КОМАНДАЛЫҚ КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ](#)
- [KAZENERGY БАҚ-ТА](#)

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ



19 наурызда «KAZENERGY» қауымдастығының ағымдағы жылғы екінші Қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – Үйлестіру кеңесі) өтті. Отырысқа Қауымдастыққа мүше компаниялардың өкілдері: «ҚазМұнайГаз» АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Қазақстан Коммуналдық Жүйелері» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС, «СНПС-

Ақтөбемұнагаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Карачаганак Петролеум Оперейтинг Би Ви» қатысты.

Толығырақ:



KAZENERGY ӘЙЕЛДЕР ЭНЕРГЕТИКА КЛУБЫНЫҢ КӨШПЕЛІ ӨҢІРЛІК ОТЫРЫСЫ



Ағымдағы жылғы 20 наурызда «Ембімұнайгаз» АҚ алаңында KAZENERGY Әйелдер энергетика клубының көшпелі өңірлік отырысы (бұдан әрі – ЭЭК) өтті. Отырыстың ашылуында құттықтау сөздерімен «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы А.Е. Жақсыбеков, Атырау облысы әкімінің орынбасары А.Т. Ажғалиева, Kazmortransflot UK Ltd қаржы директоры, ЭЭК төрағасы А.У. Аккайсиева сөз сөyledі.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

ЕҢБЕК МӘСЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«KAZENERGY» қауымдастығы қызметінің бағыттарының бірі қауымдастық пен оған мүше компанияларының еңбек саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша жұмысына белсенді қатысу болып табылады. Екі жыл ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы құқық қолдану практикасын талдау жөніндегі жұмыс тобының шеңберінде еңбек заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша заңнамамен жұмыс жүргізілді. 2018-2019 жж. Жұмыс тобының 20 отырысы өтті.

Қазіргі уақытта заңнама жұмысының келесі кезеңдері іске асырылады. Оның бірі заң жобасын көпшілікпен талқылау болып табылады. 2019 жылғы 5 наурызда «Еңбек мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» екі заң жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтті. Қоғамдық тыңдаулар Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде депутаттардың, мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер бірлестіктері, кәсіподақтар мен ғылыми сарапшылар басшыларының қатысуымен өткізілді. Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.В. Жакупова және Қазақстан Респуб-

ликасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің төрағасы А.А. Сарбасов заң жобаларының негізгі ережелерін ұсынғаннан кейін қоғамдық тыңдаулар қатысушылары еңбек жөніндегі уәкілетті орган өкілдеріне кейбір сұрақтар қойды, сондай-ақ еңбек және көші-қон заңнамасындағы бос орындар мен кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстарын білдірді.

Ағымдағы жылғы 26 наурызда «KAZENERGY» қауымдастығы мен Қауымдастыққа мүше компаниялардың өкілдері «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасында еңбек нарығының бәсекеге қабілеттілігі мәселелері бойынша Әлеуметтік сала және әлеуметтік әріптестік комитетінің кеңейтілген отырысына қатысты. Комитет отырысында әлеуметтік саланы реттеу үшін кейбір өзекті мәселелер, оның ішінде «Еңбек мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау мәселелері талқыланды, сондай-ақ сарапшылар еңбек және жергілікті деңгейде деңгейлес байланыстарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізді.

2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ, МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫ



2019 жылғы 28 наурызда «KAZENERGY» қауымдастығы «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ алаңында 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының бірінші отырысын өткізді.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



«КАРАЧАГАНАК ПЕТРОЛЕУМ ОПЕРЕЙТИНГ Б.В.» КОМПАНИЯСЫНЫҢ МҰНАЙДЫ ЭКСПОРТТАУДЫҢ КЕДЕНДІК ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ

2019 жылғы 11 желтоқсанда «Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясы «Атамекен» ҚР ҰКП-ға, «Kazenergy» қауымдастығына шығарылатын мұнайдың кедендік құны мәселесі бойынша КПО компаниясына қатысты көшпелі кеден тексерісі актісінің нәтижелері бойынша хабарламаларды алып тастау мәселесі жөнінде ҚР Жоғары Соты Төрағасының қабылдауына және Жоғары соттың Мамандандырылған Алқасы отырыстарына қатысу туралы өтініш білдірді.

Толығырақ:



АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ



2019 жылғы 05 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласында KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының Орыбасары Ұ.С. Қарабалиннің қатысуымен және Үйлестіру кеңесінің төрағасы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры Д.К. Хасановтың төралығымен KAZENERGY қауымдастығының Адами капиталды дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің (бұдан әрі – Үйлестіру кеңесі) отырысы өтті.

Үйлестіру кеңесі мүшелерімен қатар шақырылғандар ретінде ҚР Энергетика министрлігінің, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, «Атырау мұнай және газ университеті» КЕАҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ, Satbayev University, Қ.Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ институтының, Ergon компаниясының өкілдері қатысты.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫМЕН ӘСЕТ МАҒАУОВ МАРАТҰЛЫ ҚР
ЭНЕРГЕТИКА ВИЦЕ-МИНИСТРІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ. БОЛАТ ОРАЛҰЛЫ
АҚШОЛАҚОВ «KAZENERGY» ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫ БОЛЫП
ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Қазақстан Республикасының қаулысымен Әсет Мағауов Маратұлы ҚР Энергетика вице-министрі болып тағайындалды



«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешенінің ұйымдары қауымдастығының Төрағасы Т.А. Құлыбаевтың бұйрығымен бас директордың лауазымына 2019 жылғы 03 сәуірден бастап Болат Оралұлы Ақшолақов тағайындалды.

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ
БИЗНЕС-ОРТАНЫ ДАМУ ЖӘНЕ САУДА ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
БОЙЫНША ӨГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНЫҢ
КҮШІНЕ ЕНУІ**

201 жылғы 2 сәуірде ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды (бұдан әрі – Заң).

Осы Заңның шеңберінде KAZENERGY қауымдастығы мүшелерінің мыналарға:

- өңдеуден өткен және корпоративтік табыс салығы мақсаты үшін ұлттық операторға мемлекетің артықшылық құқығы шеңберінде іске асырылатын шикі газды ай-

қындау;

- мемлекеттік мекемелердің және заңды тұлғалардың жекелеген санаттарының сенімді басқаруға мүлікті беруі кезіндегі салықтық міндеттемелерге;

- тауарды бөлу құжаттарының негізінде тауарларды өткізу бойынша айналым жасау күніне;

- магистральдық газ құбырлары жүйесі бойынша көрсетілетін қызметтерді іске асыру бойынша айналым жасау күніне;

- есептелуге жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзетуге;

- жеке тұлғаның табысы мен салықтық есебін түзетуге;

- мүлікке арналған салықты және жер салығы бойынша ағымдағы төлемдер сомасын есептеуге;

- жер қойнауының арнайы төлемдері бойынша салық есептілігі нысанын ұсынуға қатысты 16 түзетуі Салық кодексіне енгізілді.

«KAZENERGY» қауымдастығы қауымдастық мүшелеріне салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар бойынша бірлесіп жасаған жемісті жұмысы үшін алғыс білдіреді.

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



«STUDENT ENERGY CHALLENGE» ЗИЯТКЕРЛІК КОМАНДАЛЫҚ КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

«Student Energy Challenge» атты үшінші зияткерлік командалық конкурсына қатысу үшін командаларды тіркеу аяқталды.

Ағымдағы жылы командалардың рекордты саны тіркелді. Барлығы 67 команда еліміздің 26 өңіріндегі 25 жоғары оқу орны атынан шығады. «Student Energy Challenge» конкурсының финалистері 2019 жылғы 23-24 қыркүйек аралығында Нұр-Сұлтан қаласында KAZENERGY ENERGY WEEK шеңберінде өз жобаларын ұсынады.

2017 жылдан бастап «Student Energy Challenge» конкурсын «KAZENERGY» қауымдастығы «Шелл Қазақстан» компаниясымен бірлесіп өткізіп келеді. Конкурс туралы ақпарат <http://www.kazenergy.com/ru/operation/educational-program/>.

KAZENERGY БАҚ-ТА



МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ ЕЛБАСЫНА ҚАМҚОРЛЫҒЫ
МЕН КӨҢІЛ БӨЛГЕНДІГІ ҮШІН АЛҒЫСТАРЫН БІЛДІРДІ



МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ ЕЛБАСЫНА ҚАМҚОРЛЫҒЫ
МЕН КӨҢІЛ БӨЛГЕНДІГІ ҮШІН АЛҒЫСТАРЫН БІЛДІРДІ

«KAZENERGY» қауымдастығы Төрағасының орынбасары **Ұзақбай Қарабалин** Atameken Business-те «Время говорить» бағдарламасында еліміз тәуелсіздігін алған сәтінен бастап мұнай саласының дамуы және жетістіктері туралы еске алды.

Толығырақ: https://inbusiness.kz/ru/tv_programs/vremya-govorit-101/epoha-nazarbaeva-stanovlenie-neftyanoj-promyshlennosti-kazahstana



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



KEW
2 0 1 9
KAZAKHSTAN
ENERGY
WEEK

KAZAKHSTAN
ENERGY WEEK

XII
KAZENERGY
EURASIAN
FORUM
ASTANA

XII ЕВРАЗИЙСКИЙ
ФОРУМ KAZENERGY

 KAZENERGYFORUM.COM

 23-27 **Сентября** 2019

Астана, Казахстан